

Дельфийлік дода мәреге жетті

Талантты жастардың басын біріктіріп, өнерлі өрендер өзара сынға түсетін Ұлттық дельфийлік ойындардың биылғы жалауы Атырау өңірінде желбіреді. Дарынды жастардың дәстүрлі додасы бұл жолы тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы аясында ұйымдастырылды.



Бұған дейін таланттылар Талдықорған, Тараз, Өскемен, Астана, Қарағанды, Павлодар қалаларында бақ сынап, ұлттық бәсекеге бірікпелі атсалысқан-ды. Биыл да бұрынғы ізбен жас өнерпаздар өнерін ортаға салып, ұлттық мәдени мұрамызды насихаттады.

Жалпы дельфийлік ойындарды өткізудегі мақсат – өнерлі жастардың жолын ашып, халыққа таныту. Дарындыларды қолдай отырып, оларды халқымыздың мәдени мұраларын, құндылықтарын бағалауға шақырады. Сондай-ақ талантты жастардың әлемдік мәдениет белесін бағындырып, қолтаңбасын қалдыруға мүмкіндік береді.

Биылғы байқауды ҚР Білім және ғылым министрлігі, Ұлттық дельфийлік комитеті мен «Нұр Отан» ХДП бірлесе ұйымдастырды. Еліміздің түкпір-түкпірінен жиылған 500-ге тарта жас өнерпаз 15 аталым («Фортепьяно», «Скрипка», «Академиялық ән», «Халық әні», «Эстрадалық ән», «Халық биі», «Заманауи би», «Баян», «Халық аспаптары: домбыра, қобыз, қылқобыз», «Фотосурет», «Көркемөнер», «Ди-джей», «Вэб-дизайн») бойынша сайысқа түсті.

Негізі республикалық дельфий ойындары қарсаңында еліміздің барлық аймақтарында өңірлік сайыстар өткізілген болатын. Сол өңірлік сайыстың жеңімпаздары батыс аймағындағы ақтық сынға жолдама алып, жоғарыда аталған номинацияларды сарапқа сады. Елімізге белгілі мәдениет майталмандарынан құралған қазылар алқасының құрамында

Жүзбай Жанғали, Әлқуат Қазақбаев, Айгүл Құлбекова, Рая Латифуллина, Қайрат Кәкімов, Нұрлан Бермағанбетов, Гүлнәр Сәдуақасова сынды танымал өнер иелері де болды. Сондай-ақ ҚР Білім және ғылым вице-министрі Махметғали Сарыбеков, Жастар саясаты департаментінің директоры Мадияр Қожахмет, Халықаралық дельфий комитетінің директоры Владимир Понявин байқауға арнайы келіп, өнерлі жастарды қолдайтынын көрсетті.

– Елімізде дарынды жастар өте көп. Сол талант иелерін іріктеп, олардың шығармашылығына жағдай жасап, кеңес беру, өнерлі өрендердің кеудесін керіп тұрған потенциалды сыртқа шығару – дельфийлік ойындардың негізгі мақсаты болып табылады. Бір қуантарлығы, дельфий ойындары биыл жеті жерде өтіп жатыр. Сондай-ақ, жыл санап осы сайысқа қатысушылар қатары көбейіп, байқаудың сапасы да жақсарып келеді, – дейді вице-министр Махметғали Сарыбеков.

Сонымен төрт күн тартысты өткен додада жалпы командалық есеп бойынша алматылықтар бірінші тұғырдан көрінсе, екінші орынды Атырау облысының жастары мен астаналық өрендер өзара еншілеп, келесі кезекті Ақтөбе, Шығыс Қазақстан және Жамбыл облысының өнерпаздары бөлісті. Ал байқаудың жекелеген аталымдары бойынша алтын медаль иегерлері биылғы күзде Киев қаласында өтетін Халықаралық дельфий ойындарында ел намысын қорғайды.

■ Сандуғаш ЖӘНІБЕКҚЫЗЫ

Желтоқсан куәгерімен кездесу

Таяуда Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде инженерлік құрылыс факультетінің студенттері «Бодандыққа қарсы жойқын бұлқыныс» атты дөңгелек үстел ұйымдастырды. Желтоқсан оқиғасының 25 жылдығына орай өткізілген іс-шараға Алаш рухы – Сарыарқа қоғамдық бірлестігінің мұрындық болғанын да айта кеткеніміз жөн.

Отырысқа Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының бастығы Болат Тілепов, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Мәулен Илипов, Желтоқсан оқиғасына қатысушы Асқар Сағынаев сынды ел ағалары жастарға желтоқсан оқиғасы жайында кеңінен әңгімеледі. Ұлт жанашырларының басына бұлт үйіріліп, өрімдей жастарды жазықсыз жазалаған шақта елдің мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған Асқар аға «дауылды» күндерді жас буынға қынжылыспен күрсіне баяндады. Желтоқсан куәгері сол күннің ащы ақиқатын айтып, қазіргі жастарға «86-ның» ызғарлы «датасынан» біраз мағлұмат берді.

Жасыратыны жоқ, әлі күнге дейін есімі желтоқсаншылардың қара тізіміне кіріп, маңдайға басылған «таңбадан» арыла алмай жүрген азаматтарымыз жетерлік. Алайда, біз кездесу барысында желтоқсан куәгерінің бір ғана әңгімесін естіп, біраз шындыққа қанықтық, сол тұстағы қазақ жастарының ерлігіне тәнті болдық. Алдыңғы толқын ағаларымыздың жанкешті тірлігіне таңғала отырып, оларға әлі күнге дейін лайықты құрметтің жасалмай отырғанына қынжылдық.

■ Зухра ӘЛІШЕРҚЫЗЫ

– Дәурен, «Болашақ» стипендиясына қол жеткізу оңай болмаған шығар?

– Негізі мектеп қабырғасында жүріп-ақ «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелде білім алуды армандайтынмын. Бірақ түсе аламын ба, жоқ па деген екіұдай пікірде болдым. ҰБТ-ны ойдағыдай тапсырып, ҚазҰУ-ге грантка оқуға түскеннен кейін «Болашақты» бағындыруды шындап ойлана бастадым. Әрине, сынақтан «сүрінбей» өту ешкімге оңай емес. Бұл жолда маған да біраз «терлеуге» тура келді.

– Қайсы университетке «ен тақтың»?

– «Күласан нардан құла» дегендей, менде бірден беделді оқу орнына «ен тақтым». Айым оңыннан туып, еңбегім еш кетпеді әйтеуір. Бүгінде Канада мемлекетінің Торонто қаласындағы Нью-Йорк университетінің «Ақпараттық технологиялар менеджменті» мамандығы бойынша білім алып жатырмын.

– Екі елдің білім беру жүйесінде қандай айырмашылықтар бар?



Дәурен ДАЕМБАЕВ,

НЬЮ-ЙОРК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТУДЕНТІ:

Өмірге деген көзқарасым өзгерді

– Өзім оқыған ҚазҰУ-дің білім беру жүйесімен салыстыра айтсам, шетелдік оқыту әдісі мүлде бөлек. Дәріс өткізуді алып қарасақ та, білімді тексеруі жағынан да айырмашылығы жер мен көктей. Мәселен, ол жақта сабақты көбіне өзін ізденіп оқисың. Ал оқытушы тек негіздерін ғана айтып, саған бағыт-бағдар береді. Болды, қалғанының барлығы сенің шаруаң. Қалай табасың, қайтпін орындайсың... оған оқытушының басы ауырмайды. Сол сияқты студенттің білімі біздегідей теспен тексерілмейді. Емтиханның бәрі жазбаша өтеді. Сынақты үздік тапсырғың келсе талмай ізденіп, ерінбей көп оқуың керек. Оның өзінде жақсы баға ала алатынына кепілдік жоқ. Сабақ секциялары мен оқытушыларды студенттердің өздерінің таңдауына мүмкіндігі бар. Тағы бір астың сызып айтатын жайт, әрбір студент университетке тек төбе көрсетіп кету үшін емес, оқимын деп келеді. Сондықтан болар, олардың тәртібі мен аудитория «атмосферасы» өте жақсы.

– Оқу кестесін біле отырсақ...

– Айтпақшы, сабақ кестесін де студенттің өз ыңғайына қарай өзінің қоюына құқы бар. Өйткені уақытыңның көбі тапсырманы іздеп-табуға кетеді. Сондықтан әр студент әртүрлі кестемен жұмыс жасайды. Мәселен, мен өзім аптасына үш күн сабаққа барып, төрт күн «демаламын». Үй тапсырмасын орындап, керекті мәліметтерді іздеуіме сол төрт күн жетеді.

– Ал ұстаздарыңмен қарым-қатынастарың қалай?

– Өте жақсы. Сабақты жақсы оқып, «плюс» жағынан көзге түскен студенттерге профессорлардың қабағы тұзу. Ал студентке бай, таңдау жағынан көп дауыс жинаған кейбір оқытушылар кейде шәкірттерінің барлығымен бірдей байланыс жасауға үлгермей жатады. Негізі дәріс өту барысында профессорға сұрақтар қойып, белсенділік танытып отырмасаң, оқытушы сені сол семестр бойы танымауы да мүмкін.

– Шетелдік достарың көп пе?

– Шетелдік замандастарыммен ә дегеннен тіл табысып кете алмадым. Олармен араласу үшін біраз уақытымды «өлтірдім». Әйтсе де өзге елде тек өзіміздің жерлестермен, қазақстандықтармен ғана қоян-қолтық араласамын.

– Канадалықтар жайында не айтасың?

– Көпұлтты мемлекет болғандықтан, Канада көшелерінде әр ұлттың өкілдерін жиі ұшыратамын. Ал жергілікті халқы тым қарапайым, әрі ақкөңіл. «Местныйлардың» тәртіпке қатал екенін де айта кеткім келеді. Оларға тез үйренісуің өзіңе байланысты. Негізі, елде еркіндік лебі байқалады. Кім қалай өмір сүреді, ол әркімнің өз шаруасы.

– Жат жерге қалай үйрендің?

– Бастапқыда ең қиын мәселе осы болды. Сол елдің тұрмыс-салтына, мәдениетіне, тамағына үйренуге аз уақыт жұмсаған жоқпын. Шындығы керек, жатақханада асүйге өзін қожалық етіп, дәм үйіреп тамақ әзірлеп жейтіндей мүмкіндік жоқ. Сондықтан сырттың тағамына біртіндеп асқазанды үйреттік. Сондай-ақ, әдепкіде шетелдік оқыту жүйесіне де кәдімгідей қиналдым.

– Америкалықтардың Қазақстан туралы ойы қандай?

– Өкінішке қарай, олардың бірсыпырасы «Қазақстан қай жақта? Қандай ел?» деген сауалды жиі қояды. Әйтсе де, біздің елді Борат арқылы таниғандар да және бұрынғы Кеңес одағының бір бөлігі деп білетіндер де бар. Ал лауазымды тұлғалар ең алдымен елімізді Елбасының есімімен тығыз байланыстырады. ЕҚЫҰ-ға төрағалық еткен мұнайлы мемлекет деп, президентіміздің ядролық қаруға қарсы саликалы саясатын тамсана айтады.

– Батысты шулапқан «Бораттың» шынайылығына сенетіндер көп пе?

– Жоқ, көп емес. Бірақ сенетіндер бар.

– Шетелде қалғың келмей ме?

– Ондай ойым жоқ. Отаным, отбасыма оралып, елімнің дамуына өз үлесімді қосқым келеді.

– Бос уақытыңды қалай өткізесің?

– Негізі, бос уақытыңның болуы сирек, ал қолым босағанда спортпен шұғылданамын. Осында басқа университетте оқитын қазақ жастарымен кездесеміз. Туған еліміз жайлы әңгімелесіп, басымыз қосылғанда міндетті түрде ет асамыз.

– Канада жастары қалай көңіл көтереді?

– Достарымен табиғат аясында кездесіп, көбіне әркім өздерінің сүйікті істерімен айналысады. Көпшілігі интернет арқылы хабарласып, әлеуметтік сайттарды «ақтарғанды» ұнатады.

– Қазақ әндерін тыңдайсың ба?

– Әрине, тыңдаймын. Көбіне күйлерді, домбырамен айтылатын әндерді тыңдағанды ұнатамын. Біздің әуенге шетелдік достарым да «ғашық». Олар, әсіресе, ұлттық аспабымыз домбыра туралы сұрап жатады.

– Еліңнен жырақта жүріп, «өзеріп» кеткен жоқсың ба?

– Иә, шынында да өзгергенімді байқадым. Есейдім. Дербес өмір сүруге бойым үйреніп, өз-өзіме сенімім күшейді. Сол сияқты дүниеге деген көзқарасым да өзгерді.

Әңгімелескен

■ АҚТОЛЫС СПАБЕКҚЫЗЫ

БОЛАШАҚ
Халықаралық бағдарламалар орталығы
магистратура, докторантура және ғылыми сынақтар
бағдарламалары бойынша құжаттар қабылдайды

1 маусымнан 15 шілдеге дейінгі аралықта жалпы конкурс үшін
1 маусымнан 29 шілдеге дейінгі аралықта мемлекеттік
қызметкерлер, ғылыми-педагогикалық жұмыскерлер және ғылыми қызметкерлер үшін
Астана қ., Орынбор көшесі, 18, «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ, 103 каб.
Тел: 8 (7172) 69 51 53, 69 51 54
Факс: 8 (7172) 69 51 54, 69 51 55
www.edu-cip.kz